

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.
3. Шәукенұлы Қ. Синтаксис. – Алматы: Арыс, 2004. – 248 б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
4. Әділова А.С., Қабанов М. Ш. Қазақ толғауларындағы қаратпа сөздер.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. II том. – Алматы: Ғылым, 1967. – 236 б.
6. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994.
7. Мұсабекова Ф.М. Қазақ тіліндегі зат есім стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1990.
8. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

**Аккизова Мадина Қуанышевна**  
Қарағанды техникалық университеті, Арх-21-4 студенті

Ғылыми жетекшісі: Абилкасов Ғ.М.  
п.ғ.м., қазақ тілі және мәдениеті  
кафедрасының аға оқытушысы

### **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ КИЕЛІ САНДАР: ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Мақаламыздың негізгі мақсаты – қазіргі қазақ және ағылшын тілдеріндегі қасиетті (киелі) сандар қолданысының мағынасын, тұрақты тіркестер құрамына енген сөздердің лексикалық мағынасындағы байланыстарды, сөздердің мағынасының кеңеюі, тарылуы, қолданылу шеңбері т.б. қасиеттері мен этнолингвистикалық табиғатын анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін біз ғылыми ізденісімізге қатысты жазылған теориялық еңбектерді оқып, сан есімдер туралы қысқаша түсінік бердік, қазақ тіліндегі киелі сандардың халық өміріндегі маңызын, өмірде алатын орнын, киелі түсініктердің, ұғымдардың шығу тарихын білу үшін қасиетті сандар жайында мағлұматтармен танысып, оларды жүйеледік, ағылшын тіліндегі киелі сандар туралы мәліметтермен танысып, сөздіктерден материалдар жинастырып, жиналған материалдарды бір жүйеге келтірдік, көркем шығармаларда киелі сандардың қолданылу ерекшелігін қарастырдық.

Мақала жазу барысында сан есімдердің этнолингвистикасын қарастыру үшін жинақтау, салыстыру, талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Тіл білімінже сандар ерекшелігі, қасиеті, шығу тарихы толық зерттелді деп айта алмаймыз. Әлі де сандардың ашылмаған құпия сыры, жұмбақ қасиеті бар екені анық. Мәселен, қазақ халқы үшін жеті, тоғыз, үш, қырық сандары киелі болып есептеледі. Сандар ұғымының құпиясын ашқан атақты ғалымдардың (Базен Л., Тенишев Э. Р., Чернышев В. И., Умаров Э. А., І.Кеңесбаев, Ә. Хасенов, Ә. Қайдар, Н. Уәлиұлы, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, Н.Оралбаева, Т. Сайрамбаев, Ж. Байзақов, А. Машанов, А. Елешева, Қ. Ғабитханұлы, Қ. Дүсіпбаева т.б.) сүйене отырып, мақаламызда киелі сандар бар тұрақты тіркестерді анықтадық.

Тілдің ішкі құрылымының халықтың рухани өмірімен, ой санасымен, мәдениетімен, тарихымен байланыс дәрежесін жан-жақты талдап, ол туралы идеяны алғашқы рет теория ретінде қарастырған, этнолингвистиканың негізін қалаушы ғалым Вильгельм фон Гумбольдт болды [1].

Шондуг Баясгалан өз еңбектерінде монғол, орыс және ағылшын тілдерінде сан есімдердің қолдану (тарихи, мәдени, мифологиялық) ерекшеліктерін қарастырған. Соның ішінде монғол тілінде — 5, 7, 9, 11, 13 сандары, орыс тілінде - 7, 9 сандары, ал ағылшын тілінде - 4, 7, 9, 10 сандарының киелі ұғымы бар екенін айтып кеткен.

Сонымен екі халықтың сөздік қорында ерекше топ болып саналатын киелі сандардың қазақ және ағылшын тілдеріндегі қолданылу ерекшелігін анықтап, ұлттық таныммен тығыз байланыста «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу жүргізуге талпыныс жасадық.

Ағылшын тіліндегі сандардың қолданылу ерекшелігіне келсек, қазақ тілімен салыстырғанда оларда киелі сандар деген ұғым орнықтама. Мәселен, ағылшындарда бір саны бір компонентті дәстүрлі сан болып есептеледі. «The one and only». Ағылшын идиомасында one in a thousand сөзі көбнесе one in a hundred, one in a million): [2,167] unique мағынада; one of a very few. He's a great

guy. He's one in a million.; Mary's one in a hundred – such a hard work.

**First** – «ең керемет терезесі тең» – «быть первым среди равных (быть лучшим)». деген мағынаны білдіреді. The first among equals. One might say, considering «all secondary centers», that Philadelphia is «first among equals» (V. Perlo, The Empire of High Finance, ch. II) [3, 247].

**One and all** – все до одного, все как один, все вместе и каждый в отдельности, все без исключения. The relatives came one and all, to welcome him home. – Оның үйге оралуына байланысты барлық туыскандар үйге құттықтауға келді.

Зерттеу барысында байқағанымыз, ағылшын тілінде қазақ тіліндегідей сандарда киелі/қасиетті ұғым онша тұрақты емес.

## 2 Сандардың этнолингвистикалық сипаты

Этнолингвистикада «киелі сандардың» орны ерекше. Мәселен, «тоғыз тармақ» тіркесі есепшілер тілінде бір жылды тоғыз бөлікке бөлуден (4, 9-40-б.) туған бұл термин «тоғыз шілде» деп те аталады. Ел ауызындағы «қойдың қырық қайырымы», «жылқының қырық қайырымы», «аймен айдын, оты басқа, шілде менен шілденің көгі басқа» деген сөз малшылардың шілде көгін қуып мал бағу кәсібінен алынғаны байқалады. Өйткені, 40 күн жайылған жайылым 41-ші күн мал жаюға жарамайды. Сонымен қатар, біздің жерімізде ауа райының қызуы мен сууының аралығында біршама болса да 40 күн тұрақталып, 41-ші күні ауа райында өзгеріс болады. Мүмкін, «Қырқына шыдап, қырық біріне шыдамапты» деген сөз осыдан туындаса керек».

**Тоғыз** қазақтың дәстүрлі мәдениетінде де үлкен орын алады. Мәселен, тоғыз беру үйлену салтындағы жоралғы, тоғыз айып-анжыға беріледі (күн төлеу, әр түрлі айып төлеу т. б.), тоғыз бас бәйгеге тігіледі (ат жарыс, балуан күрес, сүре айтыс, т.б.).

Сандардың білдіретін мән-мағынасы сөз тіркестерінде, тұрақты тіркестерде, яғни мақал-мәтел, фразеологизм, теңеулерде анық байқалып тұрады.

Халықтар ұғымында сан ұғымы ерекше орын алатыны белгілі. Санның шығу тарихы, әрбір тоғыз, жеті, үш, бір сандары қазақ халқында ерекше қасиетті ұғым екенін білдік. Санамызға киелі сандар бар екенін жеке қалыптастыруға болады.

Қазақта **жеті санына** қатысты көптеген тұрақты тіркестер бар: **жеті ғалам:** Күншығыс, Күнбатыс, Түстік, Терістік, Аспан (жоғары ғалам), Жер асты (төменгі ғалам), Жер үсті (орта ғалам); **жеті ата:** Бала, Әке, Ата, үлкен ата, Баба, Түп ата, Тек ата; **жеті қат көк:** Ай, Күн, Ессекқырған (Меркурий). Шолпан, Қызыл жұлдыз (Марс), Мүштәри (Юпитер), Сатурн; **жеті ұрпақ:** Әке, Бала, Немере, Шөбере, Шөпшек, Немене, Туажат; **жеті жұрт:** Үрім, Қырым, Қытай, Тұран, Шам, Мысыр, Шын-Машын; **жеті-әліп:** Ашпас әліп түсу, Ақ бата алу, Айтқаны келу, Атқаны тию, Алысқанын жығу, Абыройы арту, Ақ көңіл, ниет; **жеті күн:** Бүгін - дүйсенбі, Ертең - сейсенбі, Бүрсікүні - сәрсенбі, Арғы күні - бейсенбі, Ауыр күн - жұма, Соңғы күн - сенбі, Азына - жексенбі т.б.

**Тоғыз** қазақ және басқа халықтардың дүниетанымында сакральды мәнге ие және де сол санмен байланысты көптеген тұрақты мағыналар мен байламдар бар. «Тоғыз» – бұл кенейтілген формадағы 3, яғни үш еселенген триада. Мистицизмде 3 ортақ, тән мен рухтың немесе о дүниенің, жер-мен аспанның үштік синтезі деп саналады. Орыстарда қауіп-қатер мен алып күш-символы (Айвазовскийдің «Тоғызыншы валы»). Бұл сан белгілі бір процестің бастамасы, жаңа сапаға өту негізін қалайды: 9 күні еске алу, «мысықта 9 өмір бар», мифологияда жер астындағы 9 әлем туралы айтылады, адамдар мен кейбір жануарлар (сиыр) 9 ай көтереді және т.б.»

«Тоғыз» дегеніміз – сегіз сызықтың қиылысқан, түйіскен, тұйықталған, тоғысқан тұсы – «түңг» праформасынан шыққан сөз. Бұл жағдайда тоғыз – тұңғыштықтың, алғашқылықтың, түпкіліктің символы.

Тоғыз – кемелдіктің, біткендіктің, тамамдықтың, толықтықтың символы («туғ», «тол»); тугесу, тоқайрау, тоқтау, түгендеу, түгесу; бұлардың арғы түбі де «түңг» праформасы. Бұл «тоғыз» деген сөздің тек бір нүктеде тоғысқан егіз сызықтан тұратын геометриялық тұрпат жағдайында ғана пайда бола алатындығын көрсетеді».

Көркем шығармада адамның сан алуан қадір-қасиетін танытатын тілдік дереккөздің бірі және бірегейі құрамында сан есімдер бар мақал-мәтелдер:

1) **Адам және оның қасиетіне қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер:** 1.«Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі» - A man can die but once.-Умереть человек может лишь разю Ср.Двум смертям не бывать, а одной не миновать, Салыстыр. Екі өлім болмайды, біреуінен құтыла алмайсың.

2).**Туыс жақындарға қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер:** «Ағайын бір өліде, бір тіріде керек», «Жиен мыңнан, күйеу жүзден үлкен».

Денсаулыққа қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер: «Бірінші байлық – денсаулық,

екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық, Жеті атасына бітпеген дәулет Құдайменде мен Тәңірбергенге арнап тұр (Ә. Нұрпейісов). Өмірде жеті атасынан түк көрмеген, Билік түгіл, қолынан түк келмеген Қасан деген ши аяқ ауылнай боп, Жік салақ арамызға жіктелмеген (Б.Майлин).

**3) Достыққа қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер:** 1. «A friend in need is a friend indeed» – «Друзья познаются в беде», – «Досыңды қиналғанда бір сына, қуанғанда бір сына». 2. «A friend in court is better than a penny in purse». – «Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын». – «Не имей сто рублей, а имей сто друзей».

«Тоғыз қабат кетпен». Садақ жебелерін «қатарлап кетпен қойып сынап көру» дәстүрі, әр түрлі абсаналарда, көпжырларда жиі кездеседі. Мысалы, Төстік садақ тартыш үйренеді. Тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен еткізеді. (Ер Төстік). Тоғыз қабат кетпен және батырлар киімдерінің тоғыз қабат болуы мен баланың ана құрсағында тоғыз ай болуындағы тоғыздардың және тоғыз қабат көк арасында бірсыр бар тәрізді.

**4) Тілге қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер:** «Ана тілін білген кісі бір кісі, екі адам да – екі тілдің білгіші», «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл».

Сөз, ой, тілге байланысты тұрақты тіркестер: толғауы тоқсан қызыл тіл; тоқсан сөздің тобықтай түйіні, тоқсан айдың түйіні. Бірнеше сөйлемді бірақ-ақ ауыз сөзбен жеткізу. «Тоғыз тұрып, тоқсан толғанды» - көп ойланып, көп сөйледі немесе тебірене ойланып, жан-жақты қарастырады деген мағынада.

«Білгенім бір тоғыз,

Білмегенім тоқсан тоғыз». Білгенімнен білмегенім көп деген мәнде қолданылады.

**5) Білімге қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер:** 1. «Two heads are better than one» – «Ум хорошо, а два лучше» - «Кеңесіп пішкен тон келте болмас».

2. «Four eyes see more than two». – «Четыре глаза видят больше, чем два». – Салыстыр. «Бір бастан екі бас артық».

3. «Great wits jump». – «Великие умы сходятся» - «Данышпандар бір жерден шығады».

4. «He knows how many beans make five». – «Он знает, сколько бобов в пяти штуках». – «Бес түйірде неше бұршақ барын біледі».

**6) Үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге қатысты мақал- мәтелдер мен тұрақты тіркестер:** 1. «A creaking door hangs long on it's hinges». – «Скрипучая дверь долго висит на петлях». -Ср. «Скрипучее дерево два века стоит». –«Сықырлауық есік ілгіште ұзақ ілініп тұрады». Салыстыр. – «Сықырлауық ағаш екі ғасыр тұрады». 2. «An hour in the morning is worth two in the evening». – «Один утренний час лучше двух вечерних». - Ср. «Утро вечера мудренее». –«Кешкі екі сағаттан, таңғы бір сағат артық». - Салыстыр. «Кешкі ойланудан, таңертеңгі ойлану тиімдірек». 3. «First think, then speak». –«Сперва подумай, потом скажи». - Ср. «Молвишь - не воротишь» - «Айтпас бұрын ойлан». 4. «First catch your hare, then cook him». – «Сначала поймай своего зайца, а уж потом зажарь его».

**7) Өмір-тіршілікке қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер:** «Жүз жылдығын ойлаған, жығылмайды», «өзіңнен бір көйлек бұрын тоздырғаннан ақыл сұра», «өмір – кезек, өлім – ортақ». «You should know man a seven years before you stir fire». – «үндемегеннен үйдей бәле шығады». Салыстырмалы түрде: «Сыр аласы сыртында, адам аласы ішінде».

**8) Тіршілік-тұрмыс көздеріне қатысты мақал- мәтелдер мен тұрақты тіркестер:** «Қырық жылға дейін бай мен кедей теңеледі», - «Тіріде базары – бір, өлгенде мазары – бір». «It chances in an hour that happens not in seven years».- «Жеті жылда болмаған дүние әп сәтте-ақ болып кетуі мүмкін».

**9) Батырлық, ерлік қатысты мақал- мәтелдер мен тұрақты тіркестер:** 1. «The first blow is half the battle». –«Первый удар - половина сражения».- «Бірінші соққы - күрестің жартысы». 2.«To carry fire in one hand and water in the other». – «Нести огонь в одной руке, а воду-в другой». – «Бір қолыңда от, бір қолыңда су». 3. «To keep one's head above water». – «Держать голову над водой». - «Өлсе де берілмейді». 4 «Fair field and no favour». – «Справедливое поле и никаких преимуществ». –«Әділ алаңда еш артықшылық болмайды».

Зерттеушілердің тұжырымдауынша, қазақ мәдениетінде санау жүйесіне қатысты «киелі» және «дәстүрлі» сандар сақталған [5,6].

Қазақ халқының 1 санынан бастап әр санның өз киелілігі мен қасиеті, өзіне тән ерекшелігі болған. Қазақ халқы болсын, түркі халқы болсын, тіпті Батыс елдері де әр санның өзіндік қасиетін саралай білген, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік кие болатынын, мақсаты мен мағынасы болатынын сезе, түйсіне білген. Әр санның өзіндік қасиеті, тәрбиелік мәні, саналы орны болған. Қарап отырсақ, қазақ халқының әрбір киелі саналатын саны белгілі бір тәрбиелік мағынаға ие екен.

Қорыта айтқанда, сан атаулары – өте көне заманнан келе жатқан сөздер, оларды барлық көне

жазба ескерткіштерден кездестіруге болады.

Мақала жазу барысында қазақ және ағылшын тіліндегі киелі сандарға қатысты тұрақты тіркестердің этномәдениетпен сабақтастығы арнайы зерттелінді, төмендегідей нақты нәтижелер қорытындыланды:

- қазақ тілінде киелі ұғымды беретін үш, жеті, тоғыз, қырық сандары бар тұрақты тіркестер аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде көптеп кездеседі;
- киелі ұғым беретін сандардың таныммен, мәдениетпен, этнос болмысымен сабақтастығы бары дәлелденді;
- туыс емес екі тіл тұрақты бірліктерінің құрамындағы киелі сандар қолданысы бір-бірімен салғастырыла зерттелінді;
- мақалада рухани және материалдық мәдениеті әр басқа екі ұлт танымдарындағы ортақ және ерекше ұғымға ұйытқы болған мақал-мәтелдердегі киелі сандарға мәтін арқылы қысқаша этнолингвистикалық талдау жасалынды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию / Пер. с нем. – М.: ОАО НГ Прогресс, 2000. – 400 с.
2. Рысбаева К.С. Ағылшын грамматикасы. – Алматы, 2006. – 208 б.
3. Кунин А.В. Большой англо-русский фразеологический словарь / А.В.Кунин. – 5-е изд., исправ. – М.: Русский язык, 1998. – 944 с.
4. Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2004. – 178 б.
5. Мажитаева Ш., Абдразакова А. Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан // ҚарМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – №3. – Б. 22-27.
6. Mazhitaeva Sh., Abdrazakova A. The peculiarities of using numerals in fixed expressions // Education and science without borders. Volume 3. Karaganda, Republic of Kazakhstan Prague, Czech Republic, 2012. – P. 144-147.

**Түлебаева Н.А.**

М.Қозыбаев атындағы СҚУ ҚТӨ-18-2 қ тобының студенті  
Noorra\_official01@bk.ru

Ғылыми жетекшісі:  
ф.ғ.к., доцент  
Есматова М.Т.

### **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ АДЪЕКТИВТЕНУ ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Адъективация – басқа сөз таптарының сын есімге ауысуын білдіретін лингвистикалық процесс. Бұл процестің нәтижесінде тілдегі сын есім категориясы өзге сөз таптарынан ауысып келген сөздермен толығып, өз ауқымын кеңейтіп отырады. Адъективация жайында сөз болғанда, біздіңше, екі нәрсенің басын ашып, анықтап алу қажет. Оның бірі – бұл тілдің морфологиялық құрылымында ғана ұшырайтын тілдік құбылыс па, әлде онда тұрақты түрде өтіп жататын процесс пе деген мәселе де, екіншісі, оның сын есімнің сөзжасам жүйесіне қатыстылығы туралы. Егер адъективация сын есім тудырудың бір тәсілі болса, онда ол сын есім жасаудың өзге тәсілдерінен қандай өзгешеліктерімен ерекшеленеді? Біздің ойымызша, адъективацияны әрі лингвистикалық процесс, әрі сын есім тудырудың өнімді тәсілдерінің бір жолы ретінде қарастыру дұрыс болмақ. Адъективацияның процесс болатын себебі, сын есімдер де тілдің бір бөлшегі санатында жалпы тілдік құрылымға тән дамудан тыс тұра алмайды. Тілдік даму барысында олар өзге лексика-грамматикалық категориялармен сан қилы байланысқа түсіп, бірде сөз беріп, бірде олардан өз кезегінде өзі де сөз қабылдап, үнемі үздіксіз қозғалыста болады. Адъективация процесін мойындамау, екінші сөзбен айтқанда, тілдің дамуын танымау деген сөз. Екіншіден, адъективация сын есімдер тудырудың ең өнімді тәсілі болып саналады. Сын есімдердің о баста өз алдына бөлек, жеке сөз табы болып қалыптасуы осы адъективация тәсілімен тығыз байланысты. Себебі, қазіргі тіліміздегі сын есімдердің өзегі болып табылатын «негізгі» немесе «байырғы» сын есімдердің барлығы әуел баста есім не етістік тобынан